



ДӘРІС №7



ҚАЗАҚСТАННЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНЕРКӘСІБІ

**ГЕОГРАФИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ, ПРОФЕССОР
ТОКБЕРГЕНОВА АЙГУЛ АБДУГАППАРОВНА**

🌿 ЖОСПАРЫ

- Қазақстандағы ауыл шаруашылығы
- Агроөнеркәсіптік кешен және оның 3 буыны
- Қазақстандағы ауыл шаруашылығы жерлері
- Мал шаруашылығы
- Өсімдік және бау-бақша шаруашылығы
- Қазақстандағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің статистикалық дереккөздері
- Ауыл шаруашылығындағы негізгі мәселелер
- Дамыту жолдары



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Қазақстанның ауыл шаруашылығы екі негізгі салаға бөлінеді:

- **Егін шаруашылығы** – астық, майлы, көкөніс және техникалық дақылдар өсіру. Негізінен Солтүстік және Орталық аймақтарда дамыған.
- **Мал шаруашылығы** – ірі қара, қой, жылқы, түйе және құс өсіру. Бұл сала әсіресе Оңтүстік және Батыс өңірлерде маңызды рөл атқарады.



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Табиғи-климаттық жағдайлардың әсері

- Қазақстан аумағының көп бөлігі құрғақ және шөлейт аймаққа жатады, бұл суармалы егіншілікті қажет етеді.
- Солтүстік өңірлерде жауын-шашын жеткілікті болғандықтан астық өндіру дамыған.
- Климаттық тәуекелдер (қуаңшылық, аяз, су тапшылығы) өнім көлеміне тікелей әсер етеді.

Өндіріс құрылымы мен ерекшеліктері


- Елдегі ауыл шаруашылығы өнімдерінің басым бөлігі жеке шаруа және фермерлік қожалықтарда өндіріледі.
- Өнім өндіру маусымдық сипатқа ие, климат пен табиғи жағдайларға тәуелді.
- Соңғы жылдары агротехнологиялар мен цифрландыру элементтері енгізілуде.





АӨК-ТІҢ 3 НЕГІЗГІ БУЫНЫ


Өндірістік сала – ауыл шаруашылығына қажетті техника, тыңайтқыштар, жанармай, құрал-жабдық және сапалы тұқым өндіретін кәсіпорындар жүйесі. Бұл буын ауыл шаруашылығы өндірісінің материалдық-техникалық базасын қамтамасыз етеді және аграрлық сектордың тұрақты дамуына негіз болады.



Ауыл шаруашылығы өндірісі – егін және мал шаруашылығы өнімдерін өндіретін негізгі сала. Бұл буында дәнді, майлы, жеміс-көкөніс дақылдары өсіріліп, ет, сүт, жүн, жұмыртқа сияқты мал өнімдері өндіріледі. Елдің азық-түлік қоры мен ауыл халқының табысы осы буынға тәуелді.



Өңдеу және қызмет көрсету салалары – ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау, қайта өңдеу, тасымалдау және өткізу жүйелерін қамтиды. Мұнда дайын тағам өнімдері, жартылай фабрикаттар, сүт және ет өнімдері өндіріледі. Сондай-ақ маркетинг, логистика, агротехникалық қызметтер де осы буынға кіреді.





Қазақстан – ауыл шаруашылығына жарамды жер көлемі бойынша әлемдегі ең ірі елдердің бірі. Жалпы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің аумағы шамамен 222 млн гектар, оның басым бөлігі жайылымдық және егіндік алқаптардан тұрады.

Жайылымдық жер

Республикада жайылымдық жерлердің жалпы көлемі шамамен 183 млн гектар. Олар негізінен мал шаруашылығын дамытуға пайдаланылады. Негізгі жайылымдар Жамбыл, Түркістан, Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстарында шоғырланған. Соңғы жылдары шамамен 13 млн гектар жайылым тозып, өнімділігі төмендеген.

Егіндік жерлер

Егіндік жерлердің жалпы көлемі шамамен 22,9 млн гектар. Оның ішінде дәнді және бұршақты дақылдар – 16 млн га, майлы және азықтық дақылдар – 3,1 млн га шамасында. Негізгі егіншілік аймақтары – Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қостанай және Павлодар облыстары. Бұл өңірлердің климаты мен топырағы астық шаруашылығына өте қолайлы.

Шабындық

Негізінен мал азығын дайындауға арналған табиғи алқаптар. Олар өзен аңғарлары мен тау бөктерлерінде орналасқан. Республика бойынша шабындықтардың жалпы ауданы шамамен 5–6 млн гектарды құрайды.





МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

- Ірі қара мал – Солтүстік және Шығыс Қазақстан облыстарында басым.
- Қой және ешкі шаруашылығы – Түркістан, Жамбыл және Маңғыстау облыстарында кең тараған.
- Жылқы шаруашылығы – Қарағанды, Ақтөбе және Шығыс Қазақстан аймақтарында қарқынды дамуда.
- Түйе шаруашылығы – негізінен Маңғыстау және Қызылорда облыстарында.

Мал шаруашылығы бойынша елде ең көп тараған түрлер – ірі қара, қой, жылқы және түйе өсіру.





Өсімдік шаруашылығы



Өсімдік шаруашылығы – Қазақстан агроөнеркәсібінің негізгі және ең дамыған бағыты. Ол елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, экспорттың маңызды бөлігін құрайды.

- **Солтүстік өңірлер** (*Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Павлодар*) – еліміздің басты астық және майлы дақылдар өндіретін аймақтары. Мұнда бидай, арпа, зығыр және күнбағыс көп өсіріледі.
- **Оңтүстік облыстар** (*Түркістан, Жамбыл, Алматы*) – көкөніс, бақша және жеміс өнімдерін өндіруде алдыңғы орында. Бұл аймақтар жылы климатымен және суармалы егіншілігімен ерекшеленеді.
- **Орталық және Шығыс аймақтар** (*Қарағанды, Ұлытау, Шығыс Қазақстан, Абай*) – негізінен көпжылдық шөп пен азықтық дақылдар өсіруге маманданған, мал шаруашылығы үшін жем-шөп базасын қалыптастырады.



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ӨНІМ КӨЛЕМІ

34817,5
млн. тг.

2019 ж. қаңтар-
қазанға

102,2%
НКИ



39463,0
млн. тг.

2020 ж. қаңтар-
қазанға

ҚҰРЫЛЫМЫ

НКИ, %-бен

23 356,7
млн. тг.

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

102,7%

16 106,3
млн. тг.

ӨСІМДІК ШАРУАШЫЛЫҒЫ

101,4 %





ҚАЗАҚСТАНДА 5 ТРЛН. ТЕҢГЕГЕ ЖУЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІ ӨНДІРІЛГЕН




ҚАЗАҚСТАНДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУ ҚҰНЫ 4 ТРЛН 909 МЛРД 820 МЛН ТЕҢГЕ




ӨСІМДІК ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА
2,8 ТРЛН ТЕҢГЕ
өсім 19,1%



МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА
2,03 ТРЛН ТЕҢГЕ
өсім 10,4%





Ауыл шаруашылығының нақты көлем индексінің өсу қарқыны. 2010-2024 жылдар



Дереккөз: ҚР ҰСБ




Ауыл шаруашылығының өнім көлемі және мемлекет тарапынан қаржылық қолдау



Дереккөз: ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі



Қазақстан
1 698 млрд



Дереккөз: ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі



Ауыл шаруашылығына салынған нақты инвестициялар серпіні



Дереккөз: ҚР ҰСБ



Ауыл шаруашылығын субсидиялауға
кейінгі бес жылда

2

трлн теңге бөлінген.

Тек 2023 жылдың өзінде агроөнеркәсіптік
кешенге бағытталған субсидиялар сомасы –

494,2

млрд теңге



Елімізде импортқа тәуелділік:
бидай тұқымына – **40 %**
көкөністерге **100 %**



Салада тозған техника – **76%**
Тракторлардың – 80%
Комбайндардың – 72%
Жер жырту, өңдеу, дән себу агрегаттарының 75 % тозған
Жаңарту деңгейі тек 4,5%



Баланстағы **2,2** млн гектар суармалы жерлердің
іс жүзінде 1,5 млн гектары ғана игерілген, ал су үнемдеу
технологиялары 312 мың гектар жерге ғана енгізілген



2023 жылы ел аумағындағы өзендер ағындысы 1960 жыл
салыстырғанда **12,5 км³**-ке азайған.
Оның 72%-ы – жергілікті
28%-ы трансшекаралық өзендердің үлесінде



Елімізде мал азығы нормадан **2** есе аз өндіріледі.
Жайылымдардың 20%-дан 60%-ға дейінгі бөлігі тозған;
жайылымдық алқаптардың 42%-ы пайдаланылмайды



ҚАЗАҚСТАННЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА БІРНЕШЕ НЕГІЗГІ ҚИЫНДЫҚТАР БАР



Климаттық тәуекелдер:

қуаңшылық пен су
тапшылығы өнімділікті
төмендетеді

Техника мен инфрақұрылымның тозуы:

заманауи жабдықтар мен
егістік-инженерлік жүйелер
жетіспейді

Кадр тапшылығы және қаржыландырудың аздығы

осы сала бойынша толық білім
алған мамандар аз, инвестициялар
жеткіліксіз

Өнім сапасы мен экспорт әлеуеті

кей өнімдердің халықаралық
нарыққа шығуы шектеулі, ығни
жетпей қалуы мүмкін. Сонымен
қатар, жеткізу бойынша да
мәселелер кездеседі



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ



Қазақстандағы ауыл шаруашылығын тұрақты дамыту үшін бірнеше негізгі бағыттар бар:

1. Су ресурстарын тиімді пайдалану

- Су тапшылығына қарсы ирригациялық жүйелерді жаңғырту.
- Су үнемдеу және жаңбыр суын жинау технологияларын енгізу.

2. Техника мен инфрақұрылымды жаңарту

- Заманауи егіншілік және мал шаруашылығы техникасын сатып алу.
- Сақтау қоймалары мен өңдеу кәсіпорындарын дамыту.

3. Кадрларды даярлау және қаржыландыруды арттыру

- Ауыл шаруашылығы мамандарын кәсіби дайындау және қайта даярлау.
- Мемлекеттік субсидиялар, жеңілдетілген несие және инвестициялық қолдауды ұлғайту.

4. Өнім сапасы мен экспорт әлеуетін көтеру

- Өнімдерді стандарттау және халықаралық сертификаттармен қамтамасыз ету.
- Экспортты дамыту арқылы өнімді халықаралық нарыққа шығару мүмкіндіктерін кеңейту.

Қаржыландыруды арттыру жолдары:


- Мемлекеттік қолдау: субсидиялар, жеңілдетілген несие бағдарламалары
- Ірі корпорациялар мен инвесторлардан қаражат тарту: стратегиялық серіктестік, бірлескен жобалар
- Қаржы институттарын дамыту: ауыл шаруашылығына арналған арнайы несиелік өнімдер



АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІН ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-нан
қаржылай несие алған кооперативтер

P/c	Атауы	Мүшелер саны	Несие сомасы (млн. теңге)	Сатып алынған мал басы саны
1	«Абла Даму» АӨК	86	254,5	1413
2	«Иіркөл Даму» АӨК	26	42,1	253
3	«Жосалы Даму» АӨК	23	85,3	505
4	«Достық Қалпе» АӨК	39	72,7	368
5	«Ақбұлақ – 7Н» АӨК	20	38,1	230
6	«Таң шапағы» АӨК	21	54,4	218
7	«Султан и К» АӨК	19	53,45	218
Барлығы		234	600,55	3206





ҚОРЫТЫНДЫ



Ауыл шаруашылығы мен агроөнеркәсіптік кешен – Қазақстан экономикасының маңызды саласы. Ол елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етеді және экспорт әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді. АӨК-ті дамыту үшін су ресурстарын тиімді пайдалану, техника мен инфрақұрылымды жаңарту, кадрлар мен қаржыландыруды арттыру, өнім сапасын көтеру қажет.

